



**2022 жылғы 7-9 маусым**

### **Баспасөз хабарламасы**

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын 2022 жылғы 9-11 маусым ZOOM интернет платформасында қашықтық форматында өткізеді.

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау.

Жарысқа жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы Жарыс кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Республикалық жарысқа қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Жарыс бағдарламасына авиа, авто, ракета және кемені модельдеу бойынша командалық жарыстар енеді.

Жарыс білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашығы пен құрастырушылық ойлау қабілетін дамытуға, жас техниктерді ғылыми-зерттеу және өнертапқыштық қызметке тартуға, әр түрлі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуына және өзара қарым-қатынасына жағдай жасайды, балалар мен жастардың ғылым, білім және жоғары технологияларға қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Республикалық деңгейдегі жарыстар техника саласындағы шығармашылық қызметке қабілетті және бейім балаларды анықтау, кәсіптік бағдарлау және ерте кәсіптік білім беру жүйесін құру мүмкіндіктері мен шарттарын бағалауға бағытталған.

Жарыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздарға сыйлықтар жолданады. Жеңімпаздарға дипломдар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар, барлық қатысушыларға – сертификаттардың электрондық нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-22; e-mail: [rumcdo\\_nton@mail.ru](mailto:rumcdo_nton@mail.ru)